КОПИЯ/КӨШІРМЕ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**Ш Е Ш І М**

2023 жылғы 13 қазан № 1112-23-00-2/2655 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.М.Кубенов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Ақмола облысының прокуратурасы» ММ

**ЖАУАПКЕР:**
«Жетісу тігін фабрикасы «Айсұлу» ЖШС

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**

1. сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы;

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-2,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Ақмола облысының прокуратурасы» ММ жауапкер «Жетісу тігін фабрикасы «Айсұлу» ЖШС-не сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Жетісу тігін фабрикасы «Айсұлу» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Жетісу тігін фабрикасы «Айсұлу» ЖШС 43 982 (қырық үш мың тоғыз жүз сексен екі) теңге тұрақсыздық айыппұл және 3 042 (үш мың қырық екі) теңге мемлекеттік баж алымын мемлекеттің пайдасына өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Кубенов Г. М., 13.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 22.11.2023, судья Кубенов Г. М., 05.12.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **Г. Кубенов**

Құжатқа қол қойылған: Кубенов Г. М., 13.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 22.11.2023, судья Кубенов Г. М., 05.12.2023

1112-23-3-1/3100